

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ауғанстандағы шетелдік мекемесінің мәселелері" туралы Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 464 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ауғанстандағы шетелдік мекемесінің мәселелері" туралы Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының Ауғанстандағы шетелдік мекемесінің мәселелері

Қазақстан Республикасы мен Ауғанстан арасындағы екі жақты ынтымақтастықты жандандыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Ауғанстандағы Дипломатиялық миссиясы Қазақстан Республикасының Ауғанстандағы Елшілігі етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығына мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған Жарлыққа 5-қосымшада:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ауғанстандағы Елшілігі 2500".

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті